



## **Жамбыл ауданы Комсомольское селосының атауын Ұзынкөл селосы деп өзгерту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1999 жылғы 10 қаңтардағы N 8 шешімі.  
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 22 ақпанда N 57 тіркелді

Жамбыл ауданы Комсомольское селосының атауын Ұзынкөл селосы деп өзгерту туралы. Қазақстан Республикасыны "Қазақстан Республикасының әкімшілік- аймақтық құрылысы туралы" Заңын басшылыққа ала отырып облыс әкімі ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1. Жамбыл ауданы Комсомольское селосы тұрғындарының өтініштерін, аудандық мәслихат сессиясының шешімдерін ескере отырып, Жамбыл ауданы Комсомольское селосының атауы Ұзынкөл болып өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінен Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Комсомольское селосының атауы Ұзынкөл селосы болып өзгертілуі туралы шешімінің бекітілуі сұралсын.

О б л ы с ә к і м і